

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің ғимараттары мен құрылыштарын балама энергия көздерімен жабдықтау нормаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2021 жылғы 30 желтоқсандағы № 904/ке-қа бұйрығы

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі 69-бабының 2-тармағына және "Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 26-бабының 4-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметінің ғимараттары мен құрылыштарын балама энергия көздерімен жабдықтау нормалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы аппараты Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің интернет-ресурсында орналастыруды;

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 25 шілдедегі № 439 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкін жүргізу қағидаларының 10-тармағының талаптарына сәйкес осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнына жібергеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) тармақшаларында қарастырылған іс-шараларды орындау бойынша мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Балама энергия көздерін сатып алуды тиісті қаржы жылына арналған респубикалық бюджеттен Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетіне бөлінген қаражат есебінен және шегінде кезең-кезеңімен жүзеге асыру белгіленсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитетінің
Төрағасы ұлттық қауіпсіздік
генерал-лейтенанты

К. Мәсімов

КЕЛІСІЛДІ:

Қазақстан Республикасының

Қаржы министр

202 жылғы " "

Қазақстан Республикасы

Ұлттық қауіпсіздік

комитеті Төрағасының

2021 жылғы 30 желтоқсан

№ 904/ке-қа бұйрығына

қосымша

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің ғимараттары мен құрылыштарын балама энергия көздерімен жабдықтау нормалары

| p/c № | Атауы | Өлшем бірлігі | Шекаралық бөлім | Шекара бөлімшесі | Шекаралық бақылау бөлімшесі | Қызмет мерзімі | Ескертпе |
|-------|--|---------------|-----------------|------------------|-----------------------------|----------------|--|
| 1 | Энергиямен қамтамасыз етү автономды жүйесі (энергиямен қамтамасыз ету балама, жаңартылған энергетика автономды жүйесі) | жыныстық | 1 | 1 | 1 | 20 жыл | Өнеркәсіптік электрмен қамтамасыз етү жүйелеріне қосылмаған жағдайда |

* Есеп белгіленген қуат негізінде жүргізіледі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК